Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2023 жыл / год

1 қыркүйек / сентябрь

№34 (64495)

Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz




### *Аудан әкімі Нұрлан СЕЙІЛОВТЫҢ құттықтауы*

Құрметті жерлестер! Қадірлі ұстаздар мен оқушылар!

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Оқушылардың жан-жақты дамуына, сапалы білім алуына бар мүмкіндікті қарастыру біздің басты міндетіміз. Сол себепті жаңа заманға сай аудан мектептерін цифрлық білім беру ресурстарымен қамту, кең жолақты интернетке қосу және видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстары жалғасуда. Шындығында ертеңгі күн бүгінгі ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне төгілген тердің өлшемімен таразыланады. Сондықтан ел ертеңінің жарқын болуына, сауатты да салауатты ұрпақ қалыптастыруда мемлекет үшін білім саласы қашан да маңызды болып қала бермек.

Тәуелсіз елімізде бұл маңызды сала мемлекет басшысының айрықша назарында. Себебі, бүгінгі оқушы - білім бәсекесіне төтеп бере алатын, санасы ашық, халқымыздың құндылықтарын бойына сіңірген, тілдерді еркін меңгерген тұлға ретінде ертең егемен елдің егесі болатын азамат.

Сондықтан, бүгінгі мерекелік күнде, ұстаздар мен ата-аналарға - бірлескен еңбектеріңіз балаларымызды білім шыңына жетелеп, бәсекеге қабілетті, отаншыл азамат, Жаңа Қазақстанның туын биік ұстайтын тұлға ретінде қалыптастырады деп сеніммен айта аламын.

Қадірлі ұстаздар! Сіздерге өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңіз үшін алғыс айта отырып, білім күнімен құттықтаймын.

## АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

***Аптаның ортасында Ата Заңымыздың күніне орай астрахандықтар аудандық мәдениет үйінде Конституция күнін ерекше салтанатпен атап өтті.***



Салтанатты шарада аудан әкімі Нұрлан Сейілов Ата Заңымыздың елдің басты құжаты екені, оның маңызы мен құндылығы жөнінде жан-жақты айтып өтті. Жиналғандарды мерекемен құттықтап, ауданымыздың жетістіктеріне тоқталды.

Шара барысында Нұрлан Қазезұлы әр саланың үздіктерін марапаттады. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен «20 жыл мінсіз қызметі үшін» медалімен Астрахан аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция майоры Лейла Әбішева, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен «15 жыл мінсіз қызметі үшін» медалімен Астрахан ауданы полиция бөлімінің Көші қон қызметі тобының аға инспекторы, полиция майоры Ақмарал Вакасова, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығымен «10 жыл мінсіз қызметі үшін» медалімен Астрахан аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Эльдар Булатов және тағы басқаларына табысталды. Сондай-ақ, ауданы әкімінің грамотасымен Астрахан ауданы прокурорының орынбасары Дархан Сансызбай, Астрахан ауданы прокуратурасының аға прокуроры Ермек Қарабасов, Астрахан және Егіндікөл аудандарының Қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің әскери-техникалық мектептері және бастапқы әскери даярлықтар жөніндегі инспекторы Азамат Салимжанов, Зеленое ауылының жалпы білім беретін мектебінің директоры Сергей Деркачев, Қызылжар ауылдық кітапханасының кітапханашысы Раушан Рахимова және тағы да басқалары марапатталды.

Мерекелік жиында аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары әсем ән мен тәтті күйден көтеріңкі көңіл сыйлады.

Қабылданғанына 28 жыл болған Ата Заң әлемдегі жетекші елдердің жетістігін пайдалана отырып жасалған. Нәтижесінде, еліміздің өркендеп өсуіне сүбелі үлес қосып келеді. Сондықтан да аудан тұрғындары бұл мерекені айрықша атап өтуді тоқтатпақ емес.

**Арман ЖАПАРОВ.**

## АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ VIII КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

***Аптаның басында аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың VIII кезекті сессиясы өткізіліп, аудан әкімі Нұрлан Сейілов «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы» есебі қаралды. Астрахан аудандық мәслихатының Youtube арнасында тікелей эфирде көрсетілді.***

Аудан әкімі ауданның 2023 жылының бірінші жартыжылдығы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы туралы ақпараттандырды. Оның ішінде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту, ауылшаруашылығы саласы, құрылыс жұмыстары, жол инфрақұрылымын дамыту, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, мәдениет пен спортты дамыту, мәдениет пен спорт саласы, білім, медициналық қызмет және құқықтық тәртіп бойынша баяндады.





Жол инфрақұрылымын дамытуға бойынша аудан жолдарын жөндеуге қаражат бөлінді. Жаңатұрмыс ауылына кірме жолға орташа жөндеу, Жалтыр, Каменка, Новый Колутон, Петровка, Старый Колутон, Колутон, Зеленое ауылдарындағы 17 км-ден астам кентішілік жолдар жөнделді.

Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылы Тобылжан және Қаракөл ауылдарында суды тазарту үшін біріктірілген блок-модуль орната отырып, су құбырын салуға және Астрахан және Жалтыр ауылдарында сумен жабдықтау жүйесін қайта құруға мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілді. Қазіргі уақытта мердігер ұйымдары осы жобаларды іске асыруға кірісуде.

Ауданда мәдениет пен спортты дамыту, мәдениет пен спорт саласының материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелеріне назар аударылады. Ағымдағы жылы аудандық Мәдениет үйінің көрермендер залына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Каменка ауылының клубына арналған блоктық-модульдік қазандық орнатылды. Округ әкімдері аудан ауылдарында спорт және ойын алаңдарын орнату бойынша жұмыс жүргізуде.

Сондай-ақ, сессия барысында аудандық мәслихаттың депутаты, тұрақты комиссияның төрайымы Гүлбағдад Мұқанова қосымша баяндама жасады.

Сессия Астрахан аудандық мәслихатының келесі кезекті сессиясына шығарылған мәселелерді қараумен аяқталды.

**Өз тілшіміз.**

# КОНСТИТУЦИЯ – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

**Еліміздің Ата Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданды. Міне, Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 28 жыл толып отыр.**




Мемлекетімізді демократиялық, зайырлы және құқықтық ел ретінде айқындайтын басты құжаты саналатын Конституция – барлық құжаттардың бастауы. Қандай мемлекеттік орган, мекеме, ұйым болсын өз қызметінде Конституцияны басшылыққа алатыны анық.

Өткен жылы маусымда өткен жалпыұлттық референдумда Конституциялық реформа жасалды, яғни Ата заңға өзгерістер енгізілді. Заңның үштен бір бөлігі қайта жазылды. Бас құжаттың жаңғыруы ел азаматтарының жеке бас құқығынан бастап мемлекеттің саяси басқару жүйесіне дейінгі тармақты қамтиды.

Алдағы уақытта да Ата Заңымыздың мақсаты – еліміздің әлеуметтік жағдайын көтеретін әрі азаматтардың қазіргі заманға сай өмір сүруіне барлық жағдайды жасайтын, мемлекеттің өркениетті елдер қатарында болу жолындағы қадамымызды реттейтін бағдаршам болмақ. Конституцияда елдің әрбір азаматының, ұлттар мен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсат-міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қоғамдық өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары өте маңызды болып саналады.

Мемлекет басшысы перспективадағы дамуымыздың нақты бағыттарын 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында және өткен жылдың 11 қаңтарындағы Парламентте, сондай-ақ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөздерінде тағы да нақтылап көрсетіп, Жаңа Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік даму бағыттарын анықтап берген еді. Конституцияның аясында ел игілігі үшін көптеген жұмыс атқарылды. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі жарияланғаннан бастап еліміздің сыртқы саяси стратегиясын бекітіліп, әлемдегі қаншама мемлекетіпен дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

Әрбір азаматтың заңмен белгіленген құқықтарын білу қажеттігі –қазіргі заман талабы. Халқы заңын сыйлайтын, құқық қорғау органына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Конституциямыз қабылданған күннен бастап барлық салада үлкен жетістіктерге жетіп, іргелі елге айналдық. Соның бірі еліміздің Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынты-мақтастық Ұйымына 2010 жылы төрағалық еттуі. Қысқы Азиада ойындарының өтуімен еліміздің баға жетпес жетістіктерін мақтанышпен айтуға болады. Сондай-ақ бас қаламыз Астанада 2017 жылы EXPO халықаралық көрмесінің өтуі еліміздің жетістіктерін көрсету арқылы дүние жүзі халқының алдындағы беделі арта түсті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанды құрудағы нақты әрі әділ қадамдары жүзеге асыру үшін халықтың ауызбірлігі, ынтымағы аса қажет екендігін атап айтқан болатын.

Жаңарған мемлекет Конституциясы негізінде жаңа Қазақстанды құру – бүкіл Қазақстан халқының ортақ міндеті. Сондықтан ендігі кезенде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлігімізді сақтай отырып, ынтымақ пен қажырлы еңбектің арқасында экономикасы дамыған, әлеуеті өркендеген жаңа Қазақстанды бірге құруға атсалысайық!

**К. МАХСҰТ.**

# 2023 ЖЫЛЫ ЖАСТАРҒА 29 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

ЖАСТАР

**Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» акцтонерлік қоғамы арқылы жастарға жеңілдікпен шағын несие беру бағдарламасы аясында 2023 жылы 21-35 жас аралығындағы азаматтарға бизнесті кеңейту үшін 29 миллиард теңге несие беріледі.**

«21-35 жас аралығындағы азаматтардың 2,5 пайыздық жеңілдікпен несие алу мүмкіндігі бар. Егер жеке кәсіпкер мәртебеңіз болса, кәсіпорынды тіркеу мерзімі 5 жылға дейін болуы керек. Облыстың жас тұрғындары несие алу үшін сенімді деп танылған Аграрлық несие корпорациясына тиісті құжаттарды тапсыруы қажет», - делінген хабарламада.



Несиенің негізгі шарттары: микрокредит мерзімі - 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі – 7 жылға дейін; микрокредиттің ең жоғары сомасы - 5 миллион теңгеге дейін; номинал сыйақы мөлшері - жылына 2,5 пайыздан аспайды; кепілдіктің болуы; негізгі қарыз бен сыйақыны өтеу үшін жеңілдік кезеңі 1/3 микрокредит беру мерзімінің ұзақтығынан аспауы қажет.

Қазақстанның салық заңнамасына сәйкес сенім білдірген агентке микрокредит алу үшін жүгінген кезде жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі бес жылдан кем кәсіпкерлер.

Микрокредит алу үшін құжаттарды тапсыру мәселесі бойынша Аграрлық несие корпорациясына жүгіну қажет.

2023 жылғы 10 тамыздағы жағдай бойынша 5,3 мыңнан аса өтінім түскен, оның 3344-і мақұлданған.

«2577 жобаны іске асыру үшін 11,4 миллиард теңге кредит берілді. Қалғандары - қаржыландыру сатысында. Несие алушылар арасында мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы кәсіпкерлер басым.

Несие 21-35 жас аралығындағы азаматтарға өз бизнесін ашуға немесе кеңейтуге беріледі. 2023 жылы 29 миллиард теңге сомасына 5796 шағын несие беру жоспарда бар», - деді

**Үкімет баспасөз қызметі.**

К СВЕДЕНИЮ ПРИЗЫВНИКОВ

# ОФОРМЛЕНИЕ ЗАЯВКИ ЧЕРЕЗ«EGOV»

**С 1 сентября 2023 года начинается призыв на воинскую службу. По государственным услугам «Предоставление отсрочки от призыва» и «Освобождение граждан от призыва на воинскую службу» заявки можно подавать в электронном виде через портал электронного лицензирования elicense.kz.**

писать заявление с помощью ЭЦП. Срок оказания государственной услуги – 6 рабочих дней.

Призывная комиссия рассматривает заявление с приложенными файлами и выносит заключение об освобождении от призыва на воинскую службу или предоставление отсрочки от призыва, либо мотивированный отказ в оказании государственных услуг.

Напоминаем, что период проведения призыва граждан на воинскую службу с 1 марта по 30 июня и с 1 сентября по 30 декабря.

За получением услуг можно обратиться в сельский округ по месту жительства в уголок самообслуживания «Egov».



Для получения услуги необходимо авторизоваться на портале, во вкладке «Безопасность» выбрать из списка нужную услугу и государственный орган «Аппарат акима Астраханского района». Затем необходимо заполнить предоставленные и дополнительные поля, указать причину отсрочки или освобождения, загрузить электронные копии необходимых документов и под-

**Жанар ИЛЬДЕТАЕВА,**
**руководитель отдела анализа предоставления государственных услуг и информационных технологий аппарата акима.**

# ӨЗ ЕМХАНАДАН БАСҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛА АЛАМЫН БА?

**Еңбек демалысы немесе тіркелген жерінен тыс оқу кезеңінде қазақстандықтарда осы сұрақ туындайды: өз емханадан басқа медициналық қызметтерді алуға бола ма? Осы және басқа да сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жауап берді.**

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Қор түсіндіргендей, ҚР-да емхананы еркін таңдау құқығын бірнеше жағдайда ғана пайдалануға болады: егер бекітілген жері бойынша емханада қажетті маман болмаса немесе оған жазылу мүмкін емес, ал кезекті күту ұзақ уақытқа созылатын жағдайда (10 күннен артық); егер пациент өзінің ауруы туралы белгілі бір дәрігерге қаралуға дағдыланған болса немесе жақын адамдары ұсынған клиникаға жолдама беруді талап етсе.



**Еркін таңдау бойынша диагностикалық қызметтерді немесе профильді маманның кеңесін қалай алуға болады?**

•пациент өзінің аймақтық дәрігеріне жүгінеді

•басқа емханаға жолдама алады

•сол жерге дәрігердің қабылдауына жазылады

•дәрігер қабылдауында болады немесе тексеруден өтеді

Қандай медициналық қызметтерді учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз алуға болады?

•егер пациентте күттіру мүмкіндігі жоқ төтенше жағдай немесе жарақат болса

•егер пациент стоматологиялық көмекке жүгінсе (жоспарлы немесе шұғыл)

•пациент дерматовенерологқа жүгінген кезде

•егер пациент өзінде онкологиялық немесе гематологиялық ауруға күдік туындаған жағдайда, тар бейінді маманға жүгінсе

•пациент тіркелген жері бойынша гинекологқа немесе психологқа жүгінген кезде

•егер пациент жастар денсаулық орталығына жүгінсе

•пациент қайта жүгінген кезде немесе қатерлі ісікке күдіктенсе

•егер пациент өз ауруын динамикалық бақылау үшін профильді медициналық орталыққа жүгінсе

•медициналық поездарда немесе жылжымалы медициналық кешендерде медициналық қызметтер алу кезінде

Аталған жағдайлардың барлығында пациент медициналық көмек алғысы келетін клиникаға өз бетінше жазылады және белгіленген уақытта дәрігердің қабылдауына келеді.

**Қандай жағдайларда пациенттерге басқа емханаларға жолдама берілмейді?**

Егер пациентке қажетті қызметтерді өз учаскесінің көрсету мүмкіндігі болса. Мысалы, психолог, аймақтық дәрігер, медбике, акушердің қабылдауы, патронаж, актив, иммундау, профилактика, СӨС, босануға дайындық мектебі, кейбір диагностикалық зерттеулер және басқа да қызметтер.

Егер сұрақтарыңыз болса, Қорға келесі қол жетімді байланыс арналары арқылы хабарласа аласыз: fms.kz ресми сайты, 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 және Telegramдағы SaqtandyryBot мобильді қосымшасы.

ПАМЯТНЫЙ ТУРНИР

# ШАХМАТЫ – ЭТО КАК СПОРТ

**27 августа в актовом зале КГУ ООШ с.Зеленое прошел шахматный турнир, посвященный памяти Исаченко Николая Антоновича, спонсорами которого являлись Исаченко Т. Н., Исаченко М. Н. и Исаченко. С.Н, Избасаров Б.К, ТОО «Избасаров и К.»,ТОО «Нива», Д. Жумальдинов, воин-интернационалист, участник Афганской войны, КХ «Селиванкин В.И.».**





Всех участников прибывших из Атбасарского, Шортандинского и Астраханского районов встречала хлебом-солью организатор и спонсор данного турнира Исаченко Тамара Никитична. Ей был вручены букеты цветов прибывшими.

После жеребьёвки, в 10.00.ч. состоялось торжественное открытие турнира. С приветственным словом выступил аким Есильского сельского округа Е. Овчинников. Были показаны памятные слайды из жизни Николая Антоновича. Сам турнир проходил по швейцарской системе из 7 туров.

В результате упорной борьбы, 1 место завоевал Константин Вихренко, из г. Атбасара.

2 место занял Баянбек Бакытбаев из г Атбасар.

3 место осталось за Досболом Кельденбек из села Ундрус, Астраханского района.

Были также награждены номинации такие как:

«Самый молодой участник турнира» - Серикбаев Асылбек, г.Атбасар,

«Самый возрастной участник турнира» - Куангал Шамшат, Шортандинский район.

Приз за «Самую содержательную партию» вручили Киракосяну Тигр989, Астраханский район.

Приза, за «Самую красивую партию турнира», удостоилась Кайбагарова Гульжан.

В рамках шахматного турнира состоялась товарищеская встреча теннисистов Астраханского и Атбасарского районов, в результате которой победу одержали теннисисты Астраханского района.



По окончанию турнира участники были награждены кубками, медалями и грамотами. Также памятные подарки были вручены для школы с.Зеленое.

В завершении данного мероприятия был дан концерт ВИА ДК с.Астраханка и села Зеленое.

Выражаем искреннюю благодарность всем участникам и спонсорам в проведении данного памятного турнира.

Т. **ИСАЧЕНКО**.

---

# ПРОВЕДЕНА ШКОЛЬНАЯ ЯРМАРКА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АКЦИЯ ДОРОГА В ШКОЛУ

**В последние дни августа обычно начинается подготовка к школе каждого учащегося ребенка. Это ежегодная забота родителей о том, как и где купить все необходимое для школы.**






На днях в селе Астраханка на центральной площади прошла ярмарка канцелярских товаров, одежды и обуви для школьников .На этой ярмарке покупателям, в преддверии Дня знаний, предпринимателями из г. Астаны, Атбасара и ближайших сел, был предоставлен огромный ассортимент школьных принадлежностей.

Так ИП Бондарь, из села Жалтыр, предоставили покупателям возможность выбрать красочные тетради, альбомы для рисования, ручки, карандаши, краски и многое другое по приемлемым ценам. ИП Садвакасова, из села Астраханка, предоставила на продажу детские вещи и обувь. ИП Мустафа, из села Астраханка предложил выбрать из большого ассортимента сумки, портфели и рюкзаки для учащихся, а также школьные и спортивные костюмы.

На этой ярмарке, ИП Берюков, из г. Атбасар порадовал и подарил возможность детям, не только насладится выбором и покупкой нужных для школы вещей, но и получить удовольствие, приняв участие в аттракционе, купить тут же мороженное, поп-корн и сладкую вату. Посещение данной ярмарки доставило ребятам двойное удовольствие.

**Соб. инф.**

# ДЛЯ ТЕХ, КТО ИЩЕТ РАБОТУ



**Государственная услуга "Регистрация лиц, ищущих работу" предоставляется через: веб-портал "электронного правительства" www.egov.kz , услугодателя карьерным центром), посредством государственного информационного портала "Электронная биржа труда" (www.enbek.kz).**

Срок оказания государственной услуги 1 (один) рабочий день.

Форма оказания государственной услуги электронная и бумажная.

Государственная услуга предоставляется бесплатно.

График работы: 1) у услугодателя – с понедельника по пятницу с 9.00 часов до 18.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан;

2) портала egov.kz – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ;

3) портала enbek.kz – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ

**Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:**

1.Для регистрации в качестве лица, ищущего работу, услугополучатель предъявляет услугодателю:

1) заявление по форме согласно приложению 1 к перечню;

2) документ, удостоверяющий личность услугополучателя, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации личности);

3) документ, подтверждающий трудовую деятельность (при наличии);

4) документ об образовании, квалификации, наличии специальных знаний или профессиональной подготовки (при наличии).

Для регистрации в качестве лица ищущего работу через портал услугополучатель заполняет форму сведений для регистрации в качестве лица ищущего работу, удостоверенного электронной цифровой подписью услугополучателя.

**Адреса мест оказания государственной услуги размещены на:**

1) www.enbek.kz;

2) www.egov.kz.

Контактные телефоны справочных служб услугодателя по вопросам оказания государственной услуги указаны на интернет-ресурсе www.enbek.kz.

**Единый контакт-центр по вопросам оказания государственных услуг: 1414, 8 800 080 7777.**

**По всем вопросам обращаться в Карьерный центр Астраханского района, по адресу: ул. Аль-Фараби-44, тел: 871641-23241.**

# ҚАЗАҚСТАНДА ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚЫМБАТТАДЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

**Биыл шілдеде фармацевтика өнімдері айына 0,2%-ке және жылына 10,8%-ке қымбаттады. Дәрі-дәрмек нарығы бұрынғыша импортқа тәуелді. Бір ай ішінде баға Павлодар облысында 1,2%-ке көтерілген. Одан кейін Ұлытау облысында 0,7%-ке, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қостанай, облыстарында 0,6%-ке қымбаттаған. Атырау мен Ақмола облысында баға өзгермеген. Түркістан, Қарағанды және Алматы облыстарында, керісінше, 0,4%, 0,3% және 0,1%-ке арзандаған.**

Жылдық көрсеткіш бойынша бағаның ең қатты өсуі Алматыда тіркелді. Жылына 18%-ке артты. Бұл үштікте Ұлытау (15,4%) және Қызылорда (14,9%) облыстары бар. Ең төменгі өсім Жетісу облысында байқалды - 5,9%.

Фармацевтика өнімдерінің ішінде бір айда парацетамол - 2,4%-ке, «Эссенциале форте Н» —1,6%, «Феникстил Нью» тамшылары —1,3%-ке, «Энап» — 0,9%, белсендірілген көмір – 0,7%-ке қымбаттады. Ал мына дәрілердің бағасы, керісінше, түсті: ацикловир - 0,7%-ке, азитромицин мен «Ингавирин» - 0,6%, «Смекта» - 0,5%, «Корвалол» - 0,4, «Ренни», «Аквалор Форте» спрейі - 0,3%-ке, «Йодомарин» мен ацетилсалицил қышқылы - 0,2%-ке, «Нурофен» - 0,1%-ке.



Жыл ішінде парацетамол - 58,2%-ке, йод ерітіндісі - 29,9%-ке, «Аквалор Форте» спрейі - 28,3%, амброксол - 21,5%, ацетилсалицил қышқылы - 18%-ке, белсендірілген көмір - 17,8%, ацикловир - 16,5%-ке қымбаттады.

Сол аралықта Астанада ТМККК мен МӘМС жүйесі аясында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арнайы құқық субъектісі ретінде бірыңғай дистрибьюторды үстеме бағалау жобасын талқылау бойынша жария тыңдалым өтті. «СК-Фармация» өз үстемесін 11,2%-ке көтергісі келеді.

Профильдік қауымдастық өкілдері неліктен баға өсетінін түсінбейтінін айтты.

Жалпы Қазақстанның өзін фармацевтикалық тауарлармен қамтамасыз ету дәрежесі төмен. Мәселен, биылғы жылдың қаңтар-маусым қорытындысы бойынша провитаминдер, витаминдер мен оларды өндіруге сұраныс (ішкі нарықты жүзеге асыру және микроскопиялық экспорт) өте төмен, 0,02%-ке қамтамасыз етілді. Елде осы кезеңде барлығы 43 келі ғана витамин өндірілді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 48,3%-ке көп. Сәйкесінше, тұтыну үшін импорт 173,2 тонна болды (жылына плюс 10,4%).

Антибиотиктерге сұраныс жақсырақ қамтамасыз етілді, соған қарамастан 38,2% қана. Антибиотик өндірісі 7,8 тоннаға жетті, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 11,2%-ке көп. Ал импорт 12,7 тонна болды, минус 50,7%. Соған сәйкес нарықта 20,4 тонна антибиотик шығарылды, ол бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 38%-ке аз (оған коронавирус пандемиясының азайғаны да әсер етті).

Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстан 694,2 млн АҚШ долларына 13,9 мың тонна медикамент импорттады. Табиғи көрсеткіште өсім – 11,9% болса, ақшалай импорт көлемі, керісінше, 3,7%-ке азайды.

ТМД елдерінің ішінде Қазақстанға 4 мың тонна дәрі-дәрмек кіргізді, былтырғы жылмен салыстырғанда 3,8%-ке аз. Ең көп дәрі-дәрмек Ресейден екеніне екен: 40,9 млн АҚШ долларына 2,9 мың тонна. Сондай-ақ Қазақстан Белорусь пен Украинадан айтарлықтай дәрі-дәрмек импорттайды: 609,9 және 413,3 тонна.

ТМД құрамына енбейтін басқа елдерден импорт көлемі 9,9 мың тонна болды. Бұл бір жыл бұрынғымен салыстырғанда 19,9%-ке көп. Үздік үштік құрамында Қытай (2,2 мың тонна), Германия (1,3 мың тонна) және Үндістан (1,2 мың тонна) бар.

# РЕЗЕРВУАРЫ ДЛЯ СБОРА ДОЖДЕВОЙ ВОДЫ ПРЕДЛАГАЮТ ПОСТРОИТЬ КАЗАХСТАНУ

**В рамках реализации поручения Президента Республики Казахстан по эффективному использованию водных ресурсов Казахстанский центр модернизации и развития жилищно-коммунального хозяйства провел переговоры с представителями американских и израильских компаний, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК.**

В ходе встречи представители Atrafin Bank (США), World Vision Solutions и Greenlight Business Ventures (Израиль) презентовали проект строительства резервуаров для сбора дождевой, талой и очищенных сточных вод объемом до 5 млн кубометров.

Председатель правления АО «КазЦентр ЖКХ» Адилхан Омирбаев в ходе переговоров подчеркнул актуальность и важность для республики решений по эффективному и рациональному использованию воды.

По мнению специалистов, сбор и хранение дождевой и талой вод помогут снизить потребность в водоснабжении городских населенных пунктов, а сбор, очистка, хранение и повторное использование сточных вод будут способствовать уменьшению количества загрязняющих веществ в окружающей среде. Кроме того, вода из резервуаров может быть использована для орошения полей и объектов озеленения в населенных панктах.

По итогам встречи стороны выразили намерение развивать двустороннее сотрудничество в вопросах оптимизации использования водных ресурсов и реализации пилотного проекта в Казахстане.

# ТІЛ ОҚЫТУ РЕСУРСТАРЫ

**«Balatili.kz»** - сайты үш жастан асқан балаларға, сонымен қатар бала тәрбиесі мен оқытуды жүзеге асырушы тәрбиешілер мен мұғалімдерге, ата-аналарға арналады.

Сайтта баланың өзіндік жұмысына арналған жұмыс парақтары, ұстаздар мен тәрбиешілерге, ата-аналарға әдістеме парақтары ұсынылған. Грамматика мен орфографияны үйренуге арналған материалдар, соның ішінде интерактивті әліпби мен ойындар, жас ерекшеліктеріне сәйкес аудиодиктанттар, каллиграфиялық дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар, қосымшалар қарастырылған.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқуға арналған көркем мәтіндер, соның ішінде қызықты әңгімелер, тақырыптық өлеңдер, интерактивке негізделіп жасалған жаңылтпаштар, жұмбақтар мен мақалмәтелдер топтастырылған.

**«Emle.kz»** - сайты қазақша дұрыс жазу, жұртшылықтың тіл мәдениетін көтеру мақсатында құрылды. Деректер базасында қазақ тілінің өзекті орфографиялық сөздігі, орфография ережелері, осы салаға қатысты ғылыми әдебиеттер бар. Сайттың «Әдеби тіл нормалары» блогында сөз сазы, оның көркем әдебиет пен өмірдегі маңызы, ережелері мен қағидалары берілсе, «Орфография» блогында сөздердің дұрыс жазылу ережелері беріледі. Сондай-ақ кірме сөздер мен терминдік мәнге ие сөздердің бұрынғы және қазіргі жазылу барысындағы айырмашылықтары салыстырмалы түрде көрсетіледі. «Пунктуация» блогында тыныс белгілердің қойылу ретіне байланысты ережелер енгізілсе, «Аббревиатура» блогында қысқарған сөздер, олардың толық атаулары, қысқарылу реті, атаулар мен сөздерді қысқарту барысында басшылыққа алынатын қағидалар мен сүйенетін заңдылықтар келтіріледі. «Мақалалар» блогында осы саладағы ғалымдардың ғылыми мақалалары келтірілген. Оқырман автормен байланысып, мақаланың астына пікір қалдырып, сұрағына жауап ала алады.




**«Termincom.kz»** - сайты Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді бірыңғай электрондық базаға үздіксіз енгізу мақсатында құрылды. Сайт «Бекітілген терминдер», «Терминдер хронологиясы», «Қолданыстағы салалық терминдер», «Ойталқы», «Құқықтық-нормативтік база», «Ғылыми-әдістемелік негіздер» және «Іздеу» бөлімдерінен тұрады.

**«Abai.institute»** - қазақ тілін Қазақстанда және шетелде оқыту және ілгерілету бағдарламасы шеңберінде әзірленген веб-портал. Портал 7 тілде (қазақ, ағылшын, неміс, француз, орыс, түрік, парсы) ұсынылған және Android, iOS платформалары арқылы жүктеуге қолжетімді.

**ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта» Астраханского района.**

# ЕЛІМІЗДЕ КІМДЕР МҮЛІК САЛЫҒЫНАН БОСАТЫЛҒАН

ҚОҒАМ

**Ел тұрғындары 2022 жылдың мүлік салығын 2023 жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлеуі керек. «Қазақстан аумағындағы: өздеріне меншік құқығында тиесілі тұрғынжайлар, ғимараттар, саяжай құрылыстары, гараждар, орынтұрақ орындары және өзге де құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар; жеке тұлғаларға меншік құқығында тиесілі жер учаскелері мүлік салығын салу объектісі болып саналады. Бюджетке салық төлеу жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірмей жүргізіледі. Яғни, 2022 жылдың мүлік салығын 2023 жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлеу қажет», - деп атап өтеді мемлекеттік кірістер комитетінен агенттіктің ресми сауалына орай.**

Ведомствоның нақтылай түсінуше, егер бір жыл ішінде жылжымайтын мүлік меншік құқығында он екі айдан аз болса, осындай объектілер бойынша төленуге жататын мүлік салығы салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі айларының санына көбейту арқылы есептеледі.



Бұл ретте объектінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) немесе объектіге меншік құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап осындай объектіге меншік құқығы берілген айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) айқындалады.

Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүліктегі үлесіне пропорционалды есептеледі.

Мына жеке тұлғалар мүлік салығын төлемейді:

1) Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар – «Салық» Кодексінің 528-бабы 1) тармақшасында көрсетілген барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде;

2) Екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектігі бар адамдар: тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жер учаскелері бойынша; үй жанындағы жер учаскелері бойынша; құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелері бойынша; гараждар алып жатқан жер учаскелері бойынша; мүліктің барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде;

3) жетім балалар және 18 жасқа толғанға дейінгі кезеңге ата-анасынсыз қамқорлығынсыз қалған балалар: тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жер учаскелері бойынша; үй жанындағы жер учаскелері бойынша; құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелері бойынша; гараждар алып жатқан жер учаскелері бойынша;

4) бала кезінен мүгедектігі бар адамның, мүгедектігі бар баланың ата-анасының бірі: тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жер учаскелері бойынша; үй жанындағы жер учаскелері бойынша; құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, жеке үй (қосалқы) шаруашылығын жүргізу, бағбандық және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскелері бойынша; гараждар алып жатқан жер учаскелері бойынша;

5) «Батыр ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көпбалалы аналар, бөлек тұратын зейнеткерлер: тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жер учаскелері бойынша; үй жанындағы жер учаскелері бойынша; барлық салық салу объектісінің жалпы құнынан айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде.

Салықтан бөлек тұратын зейнеткерлер деп заңды мекенжайы (олардың тұрғылықты мекенжайы) бойынша тек қана зейнеткерлер тіркелген зейнеткерлер түсініледі.

**Өз ақпаратымыз.**

ЦИФРЛАНДЫРУ

